



АҚПАРАТТЫҚ БУКЛЕТ

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ АТА-АНАЛАРЫНА
АРНАЛҒАН



Құрметті ата-аналар!

Сізді ұлыңыздың/қызыңыздың республикамыздағы ең жас және қарқынды дамып келе жатқан жоғары оқу орындарының біріне оқуға қабылдануымен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын.

Жоғарғы мектеп сыныптары сіздердің балаларыңыз үшін қиын болды. Қашықтықтан оқытудың қиындықтарына қарамастан, олар мектеп аттестатын алуға және конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерінен өтуге мүмкіндік беретін ұзақ жолдан өтіп, орта жолды таба алды. Коронавирустық инфекциямен үнемі күресумен қатар көптеген сағаттық дайындықтар мен онлайн-сабақтарға қосылу қиындықтары сәтті жетістікке жеткізді. Сіздің балаларыңыз бізге қосылу үшін, біздің үлкен және тату отбасымыздың мүшесі болу үшін ұзақ жолдан өтті. Мұның бәрінде олар жалғыз болған жоқ, Сіз әрқашан олардың қасында болдыңыз. Сіздің күнделікті қолдауыңыз, үмітсіздік пен әлсіздік кездеріндегі мадақтаушы нұсқауларыңыз, қатаң тәртіп пен адами тәрбиеңіз балаларыңызды мақсатқа бағыттады.

Қазіргі уақытта бүкіл әлем коронавирустық пандемияға және оның мутацияланған түрлерінің таралуына байланысты былтырғыдан да қиын жағдайға тап болды. Медицина саласындағы озық технологиялардың арқасында өзімізді аурудан қорғауға мүмкіндік туды. Планетаның ең жақсы ақыл-ойлары вакцина ойлап тапты және біздің мемлекет әрбір азаматқа вакцина егу үшін барлық мүмкіндікті жасауда. Бұл бізге пандемияға дейін болған әдеттегі өмірімізге оралуға, соған жақындауға көмектесетіні сөзсіз.

Осының арқасында біз қазір кейбір студенттерімізді кампусқа, өз студенттік қалашығымызға қайтаруды жоспарлап отырмыз. Біз мұны кезең-кезеңмен және өте мұқият жасаймыз. Қазіргі жағдайда студенттер мен олардың денсаулығының қауіпсіздігі біз үшін бірінші кезектегі міндет болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін біз студенттер қауымын бірнеше топқа бөлдік.

Осыған байланысты барлық жаңа студенттер қашықтықтан оқуды бастайды. Жағдай оңалған кезде, біз университеттің барлық студенттерін кампусқа қайтарамыз деп үміттенеміз.

Назарбаев Университеті қабырғасында одан әрі дамып, олардың болашақ кәсіби және жеке жетістіктерінің берік негізі болатын балаларыңыздың интеллектуалды білім беруіне қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіреміз.

Құрметпен және ізгі ниетпен,
Кадиша Нурдульдиновна Даирова
Студенттік істер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі
Вице-президент

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР,

Сіздің ұлыңыздың/қызыңыздың Назарбаев Университетіне түсуімен құттықтаймыз! Біз бірнеше презентациялар дайындадық, онда онлайн оқыту процесі және осы қиын уақытта студенттерге көрсетілетін қашықтан қолдау туралы егжей-тегжейлі айтамыз. Сіз бұл буклетте жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз және Уни- верситетте ұсынылатын әр түрлі қызметтер туралы қажетті ақпаратты біле аласыз.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Бейімделу аптасы дегеніміз не және ол қашан өтеді?

Бейімделу аптасы, әдетте ,оқу жылы- ның басында өтеді және жаңадан келген студенттер мен олардың ата- аналарына арналған түрлі та- ныстыру іс-шараларын өткізумен сипатталады.

Назарбаев Университетінің (НУ) Бей- імделу аптасының бағдарламасы студенттердің НУ-дағы жаңа өмірге тез және жеңіл бейімделуіне мүм- кіндік береді және Университеттің өмірімен, ережелермен және оқу процесінің ерекшеліктерімен, оқытушы- профессорлар құрамымен танысуды және басқа да қызықты шараларды қамтиды.

Ата-аналар Бейімделу аптасына қатыса ала ма?

Ата-аналар үшін НУ-дың студенттер- мен жұмыс істейтін түрлі құрылым- дық бөлімшелерінен арнайы ақпа- раттық сессиялар өткізіледі, онда студенттердің академиялық қызметі мен студенттік өміріне қатысты бар- лық ақпарат ұсынылатын болады.

Онлайн оқу кезінде жатақханаға орналасуға бола ма?

Эпидемиологиялық жағдайға бай- анысты студенттерді жатақханаға

орналастыру бірнеше кезеңнен тұрады. Барлық жаңа қабылданған студенттер қысқы демалыстан кейін коронавирустық инфекцияның жай- күйі жақсарған жағдайда жатақханаға орналастырылады.

Төменде форс-мажорлық жағдайлар бойынша карантин тоқтаған кезең- де қалыпты жағдайда тұру туралы жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар ұсынылған.

Жатақханаға тұруға кімнің басым құқығы бар?

Кампустан орын, ең алдымен басқа қаладан келген вакциналанған сту- денттерге беріледі.

Студент НУ кампусының аумағында тұруы міндетті ме?

Кампустың аумағында тұру міндетті емес. Студенттерің кампуста да, сондай- ак одан тыс жерлерде де тұруына болады.

Жатаханада қанша студент тұруға болады?

Университет аумағында 4000-нан астам студенттің жайлы орналасуы- на арналған 9 блок бар. NUFYP студенттері мен бакалавриаттың 1 курс студенттері 11-19-20 блоктағы төрт орынды бөлмелерге орналастыры- лады. Қалған

студенттер 12 қабатты 22-27 блоктағы екі орынды бөлме-лерге орналастырылады.

Жатақханада тұру талаптары қандай?

Студенттердің жатақханада жайлы тұруы және сабаққа дайындалуы үшін НУ барлық жағдайды жасайды. НУ жатақханаларында тұру ақылы болып табылады. Бөлме 4 адамға арналған және барлық қажетті заттармен толық жабдықталған. Әр студентке төсек-орын, шкаф-гардероб, тумбочка, ілгіштер, жалюзи, ортопедиялық матрац қарастырылған. Студенттер жатақханасының әр қабатында студентке өзі тамақ әзірлеп алу үшін ас бөлмесі бөлінген Әрбір бөлмеде душ бар.

Жатақхананың алғашқы екі қабатында студенттердің белсенді демалуына арналған алаң бар, онда студенттерге бейне және теледидар бағдарламаларын көруге, музыкамен айналысуға, би билеуге және үстел теннисін ойнауға жағдай жасалған. Сонымен қатар, жатақханада студенттер үшін медициналық орталық, дәріхана, дәмхана, шағын-маркет, кір жуу, химиялық тазалау, төлем терминалдары жұмыс істейді. Жатақханада студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ID-карталармен өткізу тәртібі орнатылған. Студенттердің қонақтарына да ID-карталар қарастырылған. Қонақтарға арналған ID-картаны алу үшін келушінің жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет.

Жатақханада тұратын студент бөлмесінде болмаған жағдайда, келушіні жатақханаға кіргізуден бас тартады. Келу уақыты: жұмыс және демалыс күндері 8:00-ден 23:00-ге дейін.

Жатақханаларда тұру ережелерімен НУ-ге келген соң танысуға болады.

Студенттерді жатақханаға орналастыру қандай қағидат бойынша жүргізіледі?

Студенттерді жатақханаға орналастыру

және бөлмелерге бөлуді Студенттермен жұмыс жүргізу департаменті жүргізеді. Студент орындарды бөлу кезінде бөлінген бөлмеге орналасуы керек.

НУ-да ата-аналар қонаққа келген жағдайда оларды кампусқа орналастыру қарастырылған ба?

Студенттердің ата-аналары қонақ үйге НУ кампусында орналаса алады. Орындардың болуы, тарифтер және брондау туралы ақпаратты +7 (7172) 70-58-40 телефоны, reception21@nu.edu.kz электрондық почтасы арқылы алуға болады.

Сәлемдемені студентке жіберу үшін қандай почта мекенжайын көрсету керек?

Егер студент НУ кампус аумағында тұратын болса, онда сәлемдемені жіберу кезінде келесі почта мекенжайын көрсетуіңіз қажет: 010000, ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 53, блок номері, бөлме номері; студенттің Т.А.Ә. және студенттік сәйкестендіру нөмірі.

Әдетте студенттер қайда тамақтанады?

Студенттерге арнайы тамақтану жоспары ұсынылады, соған сәйкес олар студенттік жеңілдікпен белгіленген ай сайынғы төлеммен асханадан тамақтанады. Асхана заманға сай жабдықтарымен





жабдықталған. Кәсіби аспазшылар күн сайын табиғи және сапалы өнімдерден жаңа піскен тағамдарды дайындайды. Студенттік асханадан басқа, НУ кам- пусы аумағында студенттер мен Университет қызметкерлеріне арналған 6 толыққанды асхана бар. Кампуста кофе мен десерт әуесқойлары үшін 8-ден астам дәмхана мен кафетерий жұмыс істейді. Сондай-ақ, студент ас үйде өзі тамақ дайындап, кампуста орналасқан кез келген екі супермаркеттен азық-түлік сатып ала алады.

Студенттердің НУ кампус аумағында тұруы қаншалықты қауіпсіз?

Кампус аумағы, оның ішінде жатақхана тәулік бойы күзетіледі. Кампус аумағы, оның ішінде жатақхана тәулік бойы күзетіледі. Университет кампус аумағына кіру рұқсаттама арқылы жүргізіледі. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін университеттің әрбір блогында бейнебақылау орнатылған. Өрт қауіпсіздігі жүйесі жұмыс істейді.

Оқу корпусарында, жатақханаларда, спорт және басқа да ғимараттарда төтенше жағдайлар туындаған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Университеттің жауапты бөлімшелері қызметкерлер мен студенттерге арналған нұсқамалық шаралар мен оқу-жаттығуларын тұрақты негізде өткізіп тұрады.

Жалпы, кампус аумағында қылмыстық және құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды болдырмау мақсатында Университет елеулі жұмыстар атқарып отыр, алайда біз НУ-дың барлық студенттеріне кампус аумағында және одан тыс жерлерде өздерінің қауіпсіздігі үшін жауапты болуға және байқаған құқық бұзушылықтар туралы НУ-дың қауіпсіздік қызметіне уақытылы хабар беруге шақырамыз

Егер студент бөлмеде көршісімен жанжалдасып қалса, кімге өтініш білдіре алады?

Студентте көршілермен қақтығыс болған жағдайда және жатақханада тұру кезінде туындайтын проблемалар болған жағдайда Студенттермен жұмыс жүргізу департаментке өтініш білдіруі қажет.

Әр түрлі өмір жағдайлары және оның денсаулығы, өмірі мен саулығының қауіпсіздігіне қатысты мәселелер туындаған жағдайда студент қайда өтініш білдіре алады?

Омбудсмендер - Студенттермен жұмыс жүргізу департаменті студенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бөлімше- сінің қызметкерлері- студенттердің құқықтарын, мүдделерін қорғауды және толық құпиялылықты сақтай отырып, жан-жақты қолдау көрсе- теді, сондай-ақ сабақтан тыс

уақыт- та студенттердің тәртіп мәселелерін үйлестіреді. Бөлімше келесі функцияларды орындайды:

- студенттерді қолдау және олардың академиялық өміріне жәрдемдесу;
- студенттерге әлеуметтік өмірде және құқықтық тәртіпті қорғауда қолдау көрсету;
- студенттер қызметінің Тәртіп кодексі мен Жатақханада тұру ережелеріне сәйкестігі және оны сақтау.

Студентке кампусыта медициналық қызмет алу үшін не істеу керек?

ТМККК шеңберінде медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және БМСК қамтамасыз ету үшін студент кампусқа келгеннен кейін egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы кампустағы University Health Center (UHC) медициналық орталыққа тіркелуі қажет. Егер студент кәмелеттік жасқа толмаған жағдайда тіркеуді ата-ана немесе қамқоршы жүзеге асырады.

UHC келесі медициналық қызметтер ұсынылады:

UHC-ке бекітілген НУ студенттері мен қызметкерлері және олардың отбасылары үшін бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) қызметтері;

Ерікті медициналық сақтандыру (ЕМК) бағдарламасының шарттарына сәйкес ұсынылатын медициналық қызметтер;

Ақылы негіздегі медициналық қызметтер: медициналық консультациялар, диагностикалық және емдік процедуралар, медициналық тексерулер және массаж.

Медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін оқу басталғанға дейін Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі департаментіне барлық талап етілетін құжаттар тапсырылуы тиіс: 086-у нысаны (флюорографиясы бар), 063 формасы (егу картасы) наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлерден анықтамалар. Жаңа студенттерді қабылдау

кезінде медициналық қызмет көрсету мәселелерінің шарттары мен дөңгелектері көрсетілген ақпараттық сессиялар мен ақпараттық хабарламалар таратылады.

Егер студент ауырып қалған жағдайда, бірінші кезекте қайда өтініш білдіруі керек?

Егер студент кампуста тұратын болса, онда Университет аумағында БМСК қызметтері мен медициналық сақтандыру бағдарламалары бойынша қызметтерді қоса алғанда, амбулаториялық - емханалық қызметтер көрсететін University Health Center медициналық орталығы жүмыс істейді. Медициналық қызметке қатысты ақпаратты алу үшін кампустың 24-25 блогындағы медициналық орталыққа немесе +7 (7172) 69-26-16 номерге қоңырау шалу арқылы хабарласуға болады.

Медициналық орталықтың жұмыс кестесі: жұмыс күндері сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін

Сенбі 9.00-ден 13.00-ге дейін Қай жерден келгеніне қарамастан, студент медициналық көмек алу үшін медициналық пластикалық карточкада және/немесе сақтандырылған студенттерге жіберілген таратылымда телефоны көрсетілген сақтандыру



компаниясының Call-орталығына қоңырау шалуға болады.

Демалыс және мереке күндері сағат 20: 00-ден кейін медициналық көмек алу үшін 11-блоктағы медициналық пунктке баруға болады. Ол жұмыс күндері сағат 20: 00-ден 8: 00-ге дейін, мереке және демалыс күндері кесте бойынша жұмыс істейді.

Шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда 103 телефоны бойынша жедел жәрдем бригадасын шақыруға болады.

Университетте психолог бар ма? Қандай жағдайларда және қандай мәселелер бойынша оған өтініш білдіруге болады?

Университетте Денсаулық және әлауқат орталығы бар, оның функциясына студенттерге психологиялық кеңес беру және психотерапевтік көмек көрсету жатады.

Университет студенттерінде психологтан тегін және құпия кеңес алуға және қажет болған жағдайда психотерапия курсынан өту мүмкіндігі бар. Студенттер кез келген өзекті мәселелермен психологқа өтініш білдіре алады. Мысалы:

- Емтихан тапсырар алдындағы күйзеліс, өзіне күшіне сенбеушілік;
- Эмоциялық тұрақсыздық (қорқыныш, фобия, беймазалық, депрессия, агрессия);
- Күйзеліс жағдайлары (ата-аналардың ажырасуы, жақындарынан айрылу, қатты сырқаттану және т. б.);
- Адамдар арасындағы келіспеушіліктер; Ұйқының бұзылуы және тағы басқалар.

Университетте студенттер арасында психология бойынша білім алатын және мақсатты болжау қағидаттарын, тайм-менеджментті, өзін-өзі реттеу және өмір сапасын арттыратын басқа да дағдыларды іс жүзінде пайдалану тәжірибесін қолдануды үйрететін тренингтер мен семинарлар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Егер сіз студент үшін алаңдасаңыз немесе сұрақтарыңыз

болса - алдын ала телефон немесе электрондық почта арқылы кездесу тағайындап, мамандардан кеңес алуыңызға болады.

Университет алдындағы дайындау бағдарламасы дегеніміз не?

Университет алдындағы даярлау бағдарламасы (NUFYP) – бұл «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Мек-тептеріндегі бакалавриат бағдарламасына түсу үшін студенттерді университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқытудың бір жылдық дайындық курсы.

Оқу бағдарламасы аясында студенттер академиялық ағылшын тілін меңгеру дағдыларын жақсартады және математика саласында білімдерін қалыптастырып, сонымен қатар өзара қарым-қатынас жасау және әлеуметтік даму фокусында жеке өсу білімдерін жетілдіреді. Курс тыңдаушылардың өз бетінше оқу және сыни ойлау дағдыларын нығайту, сондай-ақ университеттік өмірге жеке, әлеуметтік және академиялық деңгейде бейімделуге көмегін тигізеді.





NUFYP бағдарламасының ұзақтығы 1 академиялық жылды (2 семестрді) құрайды. Бағдарлама 3 негізгі пәннен құралған: Академиялық мақсат үшін Ағылшын тілі, Математика және Көшбасшылық негіздері. Пәндер барлық тыңдаушылар үшін міндетті және 2 семестр барысында оқытылады.

2020 жылдың ақпан айында BALEAP Назарбаев Университетінің университет алдындағы дайындық бағдарламасы аясында өткізілетін академиялық Ағылшын тілі курсын толық аккредиттеуді растады. Бұл аккредитация Бағдарламаның халықаралық деңгейдегі беделін арттырады және Дайындық мектебіне НУ қолдау көрсетіп отырған көзқарастар мен қолдауларды растайды. 100-ден астам университет BALEAP қауымдастығының мүшелері болып табылады, біз аккредитация алғандардың ішінде біз отызыншымыз.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін студенттерге Университет алдындағы дайындық бағдарламасынан өткендігі туралы сертификат беріледі. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Мектептерінде одан әрі қарай білімін жалғастыру үшін білім алушы әрбір Мектеп белгілеген ең төменгі критерийлерге сәйкес болуы тиіс.

Кредиттік оқыту жүйесі дегеніміз не?

Университетте білім беру бағдарламасы элементтерінің (курс/пәндер/ модульдер) көлемін өлшеу үшін ECTS (кредиттерге аударудың және жиі- нақтаудың еуропалық жүйесі) сынақ бірліктері қолданылады.

Сынақ бірлігі орташа статистикалық тұрғыда студенттің бағдарламаны меңгеруі және тиісті біліктілікке ие болуы мен оқу нәтижелерін игеру үшін қанша уақыт жұмсауы тиіс екенін көрсетеді.

Студент жалпы саны кемінде 24 ECTS кредит және 36 ECTS кредитінен аспайтын пәндерге тіркелуі мүмкін бұл бір семестрде 4-6 пәнді құрайды Студент төрт жыл ішінде 240 ECTS кредиті жабуы тиіс.

Бір ECTS кредиті 25-30 оқу сағатына тең. «Оқу сағаттары» деген ұғым лекцияларды, практикалық сабақтарды, семинарларды, оқу практикаларын, студенттің өзіндік жұмысын (әдебиеттерді оқуды, жазбаша жұмыстарды, жобаларды дайындау, емтихан тапсыруға дайындық) қамтиды.

НУ Бакалавриат бағдарламасының ұзақтығы қандай?

Бакалавриат бағдарламасын аяқтау үшін қанша кредиттік сағат жинау қажет?

Университет мектептері үш академиялық кезеңді қамтитын академиялық күнтізбеге сәйкес жұмыс істейді, олар



– күзгі және көктемгі семестрлер мен егер ұсынылатын болса, жазғы семестр. Жазғы семестр әр Мектеп жеке белгілейтін талаптармен ұсынылуы мүмкін және міндетті болып табылмайды.

Мақсаты студенттерге бағдарламаның талаптарына көмектесу болып табылатын бейімделу аптасы, ол күзгі семестрдің басында өтеді. Күзгі және Көктемгі семестрдің ұзақтығы 14 аптаны, 1 апта демалыс және семестрлік емтихан кезеңін құрайды. Бакалавр дәрежесін алу үшін студенттер әрбір Мектептің талаптарына сәйкес белгілі бір кредиттер санын жинау қажет (240 ECTS кредиттерінен кем емес). Әдетте, қойылатын талапта міндетті және элективті (таңдау бойынша) пәндер тізімі мен жинауға қажетті кредиттердің ең аз санын білдіреді. Студентке оқуға түсу кезінде әрекет ететін, мамандығы бойынша қолданатын талаптарымен нұсқаулық беріледі.

НУ студенттерінің қазақ тілін үйренуі мен Қазақстан тарихын оқытуға қандай көңіл бөлінеді?

Студенттердің қазақ тілі мен Қазақстан тарихын меңгеруіне Қазақстан Республикасының жоғары кәсіби білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес білім, білік және дағды алуын қамтамасыз етеді. Назарбаев университетінде студенттердің жалпы мәдениетін

қалыптастыруға, олардың рухани – адамгершілік, әлеуметтік, жеке және интеллектуал- ды дамуына бағытталған пәндерді оқыту бойынша ауқымды бағдарлама әзірленді. Бағдарлама үздік қазақстандық және батыстық оқыту әдістемелерін біріктіреді. Студенттер пәнді оқу барысында қазақ мемлекетінің қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы, тарихи дамудың негізгі заңдылықтары туралы, Қазақстанның адамзат тарихындағы және қазіргі әлемдегі орны мен рөлі туралы білімдерді меңгереді. Оқу пән- дері оқу бағдарламасының міндетті компонентіне жатады. Пәндердің жалпы еңбек сыйымдылығы 18 ECTS кредитін құрайды (қазақ тілі бойынша -12 және Қазақстан тарихы бойынша -6). Пәндерді оқу ұзақтығы - екі семестр. Бақылау түрі: аралық және қорытынды емтихандар.

Grade Point Average (GPA) дегеніміз не?

Бұл АҚШ-тың көптеген колледждер мен университеттерінде және кейде Еуропадағы пайдаланатын студенттердің академиялық жетістіктерін бағалау жүйесі, ол бойынша бағалау кезеңі аяқталғаннан кейін берілетін әріптік бағалар сандық көрсеткіштерге өзгертіледі. GPA университетінде 4 балдық шкала бойынша есептеледі. Студенттің GPA ағымдық оқу кезеңіндегі

кредиттердің жалпы санына әрбір пән бойынша алынған баллдың сандық эквиваленті кредиттердің көбейтілген сомасының арақатынасы болып табылады.

Егер студент академиялық қызметке қатысты сұрақтар (пәндерді тіркеу, мамандықты анықтау және т. б.) туындаса, кімге өтініш білдіре алады?

Академиялық кеңес беру офісі (Academic Advising Office) бакалавриат бағдарламасының бірінші курс студенттеріне оқу барысында кездесетін академиялық проблемаларын шешуге көмектеседі. Академиялық кеңес беру офісінің академиялық эдвайзерлері студенттерге пәндерді таңдауға және мамандықты анықтауға, кестеге қатысты мәселелерді шешуге және пәндерге тіркелуге, сондай-ақ студенттің өмірлік және кәсіптік жоспарларына байланысты білім беру бағдарын жоспарлауға көмек көрсетеді.

Ата-аналардың студенттің бағаларын көруге қолжетімділік алуына бола ма?

Назарбаев Университеті, оның ішінде Академиялық эдвайзинг бөлімшесі ағымдық семестрлік және/немесе қорытынды бағаларды қоса алғанда,

студенттердің жеке ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат ата-аналарға / қамқоршыларына тек қана студенттің өзінің рұқсатымен немесе қатысуымен жария етілуі мүмкін.

Студенттерге каникул уақытында үйлеріне бару және кері қайту жолақылары төлене ме?

Бакалавр-студенттер, магистранттар жылына екі рет, қысқы және жазғы каникул кезінде 4 еселенген АЕК мөлшерінде жол журу өтемақысын алатын болады (түлектер – жылына бір рет). Университет алдындығы дайындық бағдарламасының білім алушылары жылына бір рет, қысқы каникул кезінде 4 еселенген АЕК мөлшерінде жол журу өтемақысын ала- тын болады.

НУ студенттерінің «Назарбаев Университеті» стипендиясының мөлшері қандай?

Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес Университет алдындағы даярлық бағдарламасының тыңдаушыларына берілетін «Назарбаев Университеті» стипендиясының (бұдан әрі – стипендия) мөлшері 22 258 теңгені құрайды. Тыңдаушыларға бұл стипендия оқытудың барлық мерзіміне тағайындалады және ай сайын төленеді, оқу жылының басында берілетін арнайы банк карталарына аударылады. Бакалавриат бағдарламасының студенттеріне берілетін стипендия 26 186 теңгені, жоғары стипендия – 30

114 теңгені құрайды. Магистратура бағдарламасының студенттеріне берілетін стипендия 125 000 теңгені құрайды. Оқытудың бірінші семестрінде бакалаврлар мен магистранттарға стипендия шартсыз тағайындалады және ай сайын төленеді. Оқытудың келесі оқу семестрлерінде Стипендия бакалаврлар мен магистранттарға Стипендиямен қамтамасыз етудің ішкі ережелеріне



сәйкес емтихан сессиясының қорытындысы бойынша тағайындалады. Бұл ретте маңызды критерийлердің бірі студенттердің оқу бағдарламасына байланысты GPA-ның белгілі бір мәніне қол жеткізуі болып табылады.

«Академиялық үлгерім» деген не?

Университет алдындағы дайындық бағдарламасынан бакалавриат бағдарламасына ауысу кезінде студентке шартты мәртебе (conditional) берілуі мүмкін. Осы мәртебені алып тастау үшін студент бірінші семестрдің соңына қарай 2.00-ге тең немесе одан асатын GPA алуы қажет.

«Шартты мәртебе» дегеніміз не?

Университет алдындағы дайындық бағдарламасынан бакалавриат бағдарламасына ауысу кезінде студентке шартты мәртебе (conditional) берілуі мүмкін. Осы мәртебені алып тастау үшін студент бірінші семестрдің соңына қарай 2.00-ге тең немесе одан асатын GPA алуы қажет.

Плагиат дегеніміз не?

Студенттік плагиат дегеніміз студенттің ақпарат көзіне сілтеме жасамай, қағаз нұсқада және электрондық тасымалдағышта жарияланған бөтен мәтінді жазбаша жұмысында пайдалануға байланысты студенттің НУ-да белгіленген академиялық нормалар мен ережелерді бұзуы болып табылады. Интернеттің пайда болуымен плагиат елеулі проблемаға айналды. Кейде студенттер интернеттен тұтастай абзацтар мен беттерді көшіріп алады да, ақпарат көзіне сілтеме жасамай басқаның жұмысын өзінің ең-бегі ретінде көрсетеді. Осындай бұзушылық елеулі академиялық теріс қылық болып табылады, бұл үшін студентті Университеттен оқудан шығаруға сияқты жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

Студент НУ-дан қандай себептермен шығарылуы мүмкін?

Студентті Университеттен оқудан шығаруға негіз болатын себептер:

- 1) ақылы негізде білім алушылардың төлем талаптары бұзуы;
- 2) оқуға қабылдау кезінде жалған құжаттарды немесе мәліметтерді ұсынуы;
- 3) дәлелді себептерсіз сабақтардың белгілі бір санына қатыспауы;
- 4) GPA және/немесе CGPA ең төменгі деңгейіне сай болмауы;
- 5) бағдарлама бойынша білім алуын жалғастыру үшін қажетті талаптарды орындамауы;
- 6) Университеттегі Студенттердің мінез-құлық кодексі мен тәртіптік процедураларында қарастырылған негіздер бойынша;
- 7) Ішкі қағидаларды және/немесе Университетке қабылдауды, білім алушыларға арналған нұсқаулықты қоса алғанда, Университетте білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін Университеттің кез келген басқа да ішкі құжаттарын бұзуы;
- 8) кредиттердің ең төменгі санының тіркелмеуі;
- 9) оқудың бірінші аптасының соңында қандай да бір пәнге тіркелмеу;
- 10) дәлелсіз себеп бойынша академиялық демалыстан шықпау;
- 11) шартты түрде оқуға қабылданған жағдайда білім алуды жалғастыруға арналған талаптарды орындамау;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де себептер.

Студент НУ жатақханасынан қандай себептермен шығарылуы мүмкін?

Студенттің Университет жатақханасынан шығару үшін негіздемелер:

- студенттің дұрыс жазылмаған, қолдан жасалған немесе жалған мәліметтерді, жатақхана беру үшін негіз болып табылатын құжаттарды ұсыну фактісі



анықталған жағдайда;

- ауыру себебінен анықтама ұсына отырып, болмаған және/немесе форсмажорлық жағдайларды, аралық каникулдарды, семестр аяқталуы бойынша каникулдарды немесе басқа да сабақта болмау себептерін қоспағанда, Университетке және Мекемеге алдын ала хабардар етпей, қатарынан күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде студенттің жатақханада болмау жағдайы;

- Мекеменің бастамасымен Шартты бұзуға әкелетін, соның ішінде келесі тармақтарды қамтитын Шарт бойынша міндеттемелерді студент орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда:

А) санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан, сондай-ақ Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауы және мекеме белгілеген нысан бойынша тиісті Жаднамаларға қол қоюдан бас тарту;

Ә) жатақханада техникалық құралдардың, электр-тұрмыстық жабдықтардың тиісінше пайдаланылуын қамтамасыз етпеу;

Б) жатақханадағы орынын және/немесе бөлмесін басқа біреулерге, сонын ішінде басқа студенттерге беру;

В) ID-картаны және/немесе жатақханадағы бөлме кілтін басқа адамдарға беру;

Г) өз бетінше көшу, сондай-ақ қабылдау-тапсыру актісі бойынша берілген мүлікті жатақхананың бір бөлмесінен басқа бөлмесіне көшіру және/немесе шығару;

Ф) алкогольдік, құрамында спирт бар ішімдіктерді әкелу, сақтау және/

немесе пайдалану, уытты немесе есірткі құралдарын тарату, сақтау және/немесе пайдалану, алкогольдік, есірткі немесе уытты заттарды пайдаланудың нәтижесінде мас болу жағдайы және қолданыстағы заңнамамен жауапкершілік қарастырылған өзге де әрекеттерді жасау; Д) жатақханада және оның аумағында темекі және басқа да заттарды шегу (сигарет, трубка, кальян).

Е) келген кезде қол қойылған келісім формасында қарастырылған санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бұзуға.

НУ өз түлектерінің жұмысқа орналасуына қалай ықпал етеді?

НУ-да Мансап және кәсіптік бағдарлау орталығы (бұдан әрі - Орталық) 2012 жылдан бастап өз қызметтің жүзеге асырады.

Орталық студенттерді кәсіби дамыту, оларды кәсіби ортаға дайындау үшін мансаптық қызметтер көрсетеді, студенттерді кәсіби дамытумен және еңбек қызметіне даярлаумен айналысады, өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, жұмыс берушілердің қатысуымен әртүрлі іс шаралар мен кәсіпорындарға экскурсиялар өткізеді және бітірушілерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді. Бос лауазымдарды тиімді іздеу және әртүрлі мансаптық іс-шараларға тіркелу үшін

студенттер CAC CareerNet мансаптық онлайн платформасын пайдалана алады. Платформада тіркелген студенттер мен түлектер ірі компаниялардың профильдеріне, өзекті лауазымдарға қол жеткізе алады.

Жұмыс берушілер платформада ашық бос лауазымдарды орналастырады. Оларды кейін жұмысқа қабылдау үшін тіркелген студенттер мен түлектердің түйіндемелерін қарастырады. Сонымен қатар, Орталықта мансаптық кеңес беру бойынша жеке сессиялар өткізіледі, онда студенттер мансапты жоспарлауға, түйіндемені құрастыруға, сұхбаттан өту техникасы, сондай-ақ табысты мансапты құруға байланысты басқа да сұрақтар қоя алады.

НУ-да әлеуетті жұмыс берушілерді тарту бойынша қандай жұмыс жүргізіледі?

Қызметкерлерінің кәсіби өсуі мен мансаптық дамуына мүмкіндік беретін жұмыс берушілерге қызығатын студенттер сияқты Компаниялар кәсіби және жауапты қызметкерлерге қызығушылық білдіреді. Орталық, түлектерге лайықты жұмыс табуға, ал компаниялар кәсіби біліктілігі және жеке дағдылары бар мамандарды жұмысқа алу үшін қазақстандық, сол сияқты халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатады.

Осы ынтымақтастық аясында жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру семиналары, сұхбаттасу, компаниялардың презентациялары және т.б. сияқты әртүрлі іс-шаралар өткізіледі. НУ түлектері білім және ғылым, өндіріс, мемлекеттік сектор, қаржы, ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау, энергетика, құрылыс және т.б. сияқты әртүрлі салаларда жұмыс істейді және және жұмыс беруші компаниялардың тізімі жыл сайын артуда. Көптеген түлектер стартаптар мен өздерінің бизнес-жобаларын сәтті іске қосты.

НУ-да студенттік практика қалай ұйымдастырылады?

Кәсіби практика, көбінесе, жазғы кезеңде өткізіледі. Практика туралы хабарландыру CAC CareerNet-ке орналастырылады, содан кейін студент өтінім беріп, барлық қажетті құжаттарды тапсырады және конкурстық іріктеуден өтеді. Конкурстық іріктеуге тестілеу және/немесе әңгімелесу кіреді. Практикадан ету мәселесін талқылау іріктеу рәсімінен кейін жеке негізде өткізіледі. Практика компания қоятын талаптарға сәйкес ақылы немесе ақысыз болуы мүмкін. Кредиттік практикадан ету кезінде Мек-тептер аралық және қорытынды есептер және тәлімгерлердің, студенттердің пікірлері арқылы студенттердің дамуына мониторинг



жүргі- зеді. Практика аяқталғаннан кейін студенттер мен олардың тәлімгерлері арнайы сауалнамаға жауап береді, бұл тәжірибені ұйымдастыру сапасын және студенттердің дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Оқу кезеңінде кәсіптік практикадан өтудің артықшылығы неде?

Бұл студенттерге таңдаған мамандығы бойынша тәжірибелік дағдыларды меңгеруге, жұмыс ұжымына сіңіп кетуге, мамандармен араласуға және әлеуетті жұмыс берушілермен кәсіби байланыс орнатуға мүмкіндік береді. НУ студенттері Қазақстандағы, сол сияқты шетелдегі компанияларда практикадан өтуге мүмкіндігі бар.

НУ студенті бола тұра, шетелде қысқа мерзімді оқу бағдарламаларына қатысуға болама (1 аптадан 1 академиялық жылға дейін)?

Болады. Ағылшын тілін жоғары деңгейде білу және шетелдік әріптестердің болуы НУ студенттеріне алмасу бағдарламаларын (Эразмус+, әріптес-ЖОО, стратегиялық әріп- тестер), шетелдегі жазғы семестр, кампустағы және шетелдегі жазғы мәдени бағдарламалар кіретін академиялық және мәдени оқу бағдарламаларына ойдағыдай қатысуға мүмкіндік береді.

«Шетелде оқу» бағдарламасына (Study Abroad and Exchange Programs) кім қатыса алады?

Университет Бағдарламаға қатысушыларға келесі талаптарды қояды:

- Академиялық үлгерімнің жоғары көрсеткіші (GPA);
- «Conditional» мәртебесінің (шартты мерзімде) немесе «Probation» (Сынақ мерзімі) болмауы;
- Үміткерлердің жасы 18 және одан жоғары болуы тиіс;
- Бакалавриат студенті кемінде бір оқу жылын НУ-да аяқтауы тиіс, ал

ма- гистранттар кемінде бір семестрді НУ-да (екі жылдық магистрлік бағдарламалар үшін) өтуі тиіс;

- Мектеп немесе қабылдайтын тарап қоятын басқа да талаптар.

Студенттік үкімет дегеніміз не?

Университеттің студенттік үкіметі- студенттердің өзін-өзі басқарудың жоғары органы, сондай-ақ оқу және оқудан тыс қызметпен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған студенттердің ынталы және бірлескен қызметі. Студенттік үкімет университет әкімшілігі мен басқа да ұйымдардың алдында студенттердің мүддесін білдіреді, сондай-ақ студенттердің қоғамдық маңызды бастамаларын жүзеге асырады, тәрбие жұмысына, студенттік ортада демалысты, спортты және бос уақытты ұйымдастыруға жәрдемдеседі. Студенттік үкімет өз қызметінде заңдылық, жариялылық, ашықтық, өзін-өзі басқару және еріктілік қағидаттарын басшылыққа алады. Студенттік үкіметті Президент басқарады, ол 1 академиялық жылға студенттердің дауыс беруі арқылы сайланады. Президент, өз кезегінде, студенттік Үкімет қызметінің негізгі бағыттарына жетекшілік ететін министрлер кабинетін қалыптастырады.

Студенттер өз бос уақытын қалай өткізеді?

НУ студенттердің бос уақытын ұйымдастыру үшін барлық жағдайларды жасайды. Кампус аумағында спорттық кешен мен атлетикалық орталық бар, мұнда НУ студенттері минифутбол, баскетбол, волейбол, жүзу, құзға өрмелеу және т. б. спорттың ойын түрлерімен айналыса алады. Университетте интеллектуалды даму, ғылыми - зерттеу қызметі, шығармашылық, ойын-сауық, мәдениет, өнер және спорт салаларын қамтитын 180-ден астам студенттік ұйымдар мен клубтар жұмыс істейді. Студенттік ұйымға кіру мынадай

артықшылықтарға ие: жаңа достар табу, дағдылар мен қабілеттерін дамыту, дарындылықтарын ашу және білімдерін тереңдету, командада жұмыс істей білу, белгіленген мақсаттарға жету және анықтау.

Онлайн форматтағы студенттік өмір?

2020 жыл коронавирус пандемиясынан туындуы себебінен жаһандық өзгерістер жылы болды. Бұл жағдай студенттік өмірді де айналып өтпеді. Карантин кезеңінде студенттер үшін кампусқа кіру шектелгеніне қарамастан, Назарбаев университеті студенттік ұйымдарға/ клубтарға және олардың іс-шараларына онлайн форматта қолдау көрсетуді жалғастыруда. Бұл ақпарат әрбір студентке студенттік порталда танысу үшін ұсынылады. Сонымен қатар, студенттік өмірге белсенді тартылған студенттерге күнделікті өмірде қолдану үшін қосымша өмірлік дағдыларды дамытуға көмектесетін түрлі тренингтер мен семинарларға рұқсат беріледі.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ АТА-АНАЛАРҒА ПАЙДАЛЫ ҰСЫНЫСТАР

1. Қашықтан оқытуға көшу ата-ана үшін де, бала (студент/оқушы) үшін де стресс болуы мүмкін, сол себепті, бірінші кезекте ең маңыздысы-сабырлылық.

2. Бұл жағдайда ата-аналар студентпен диалог, сыйластық және достық қарым-қатынас орнату маңызды.

3. Әдеттегі күн тәртібі мен режимін сақтау және ұстау керек (ұйқы және сергектік уақыты, сабақтың басталу уақыты, олардың ұзақтығы, үзілістер және т.б.). Күн тәртібінің күрт өзгеруі студенттің бейімдік мүмкіндіктерін елеулі қайта құруға және артық салмақ салу мен стресске әкелуі мүмкін.

4. Жұмыс орнын ұйымдастыру өте маңызды. Барлық қажетті заттар жақын жерде орналасуы тиіс. Сондай-ақ, студент жан-жаққа алаңдап, көңілі бөлініп кетпей, мән бере жұмыс істейтіндей мүмкіндігі болуы керек. Сондықтан үйдегі адамдар мен үй жануарларына студенттің жұмыс орнына жақындауға қатысты тыйым салған маңызды.

5. Техникалық мәселелерді шешіңіз. Үйреншікті және ыңғайлы құрылғыны таңдаңыз. Интернеттің жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Онлайн оқыту үшін қажетті барлық нәрсенің бар екеніне көз жеткізіңіз.

6. Қашықтықтан оқыту жағдайында студент өзін қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезініп, жаңа жағдайларға тез бейімделуі үшін өз топтарымен, оқытушылармен байланыс орнатуы өте маңызды.

7. Әр күннің соңында студенттен күнінің қалай өткендігі, жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы сұраңыз. Даулы жағдайларда шешімдерді бірлесіп іздеңіз. Қажет болса, қолдайтын жылы сөздеріңізді аямай, құшағыңызды ашыңыз.

8. Есіңізде болсын, Сіздің ұлыңыз/қызыңыз студент болды және бұл сіз үшін де, өзі үшін де жаңа роль. Кейде үй жағдайларында ұлыңыздың/қызыңыздың және студенттің ролі аралас болады. Үйде атқаратын міндеттерді, мүмкіндігінше, оқу уақытын ескере отырып бөлу қажет.

9. Сіздің ұлыңыз/қызыңыз өзгеретін, дамитын болады, алдағы жылдары жеке тұлға ретінде өседі және бұл өмірдің осы кезеңінде адам дамуының қалыпты процесі. Шыдамды болыңыз және ұлыңызға/қызыңызға жаңа өмір жолында қолдау көрсетіңіз.

10. Егер студентте қиындықтары бар екенін байқасаңыз (ол мазасыз, оған қиын, қорқынышты болса) және ол оны өз күшімен жеңе алмайтынын түсінесіз, проблемасымен жалғыз қалдырмаңыз! Сіз әрдайым университет қызметкерлерінің (эдвайзерлер, психологтар, студенттік істер департаменті және т.б.) көмегіне сенім арта аласыз.



СТУДЕНТТЕРМЕН ТІКЕЛЕЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН НУ-ДЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

СТУДЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Студенттермен жұмыс жүргізу департаменті (СЖЖД) студенттердің өміріне қатысты стратегиялық саясатты дамытуға және әзірлеуге бағытталған алдыңғы қатарлы құрылымдық бөлімше болып табылады. СЖЖД Студенттік Үкімет пен ұйымдардың іс-шараларына, соның ішінде күнделікті студенттік істерді басқаруға, университет әкімшілігі және НУ Мектептерімен тығыз ынтымақтастықта көмек көрсетеді. СІД қызметкерлері жеке тұлғаның жанжақты дамуына бағытталған, сыныптан тыс әртүрлі зияткерлік және шығармашылық бағдарламаларды ұйымдастыру саласында НУ оқытушылары мен студенттерімен тығыз қарым-қатынас жасайды.

Мирас Шарипов

Директор

Телефон нөмері: +7 (7172) 706131

Электрондық поштасы: miras.sharipov@nu.edu.kz

Данияр Қосымбаев

Аға менеджер

Телефон нөмері: +7 (7172) 705749

Электрондық поштасы: daniyar.kosumbayev@nu.edu.kz

ТІРКЕУШІ ОФИСІ

Сайт: registrar.nu.edu.kz

Эл. почта: registrar@nu.edu.kz

Тел: +7(7172) 70 65 29

Тіркеу офісі студенттердің деректер қорына, сондай-ақ білім беру үдерісін

ұйымдастыру мен мониторингке жауап беретін академиялық департамент болып табылады. Тіркеуші офісі студенттер, оқытушылар, қызметкерлер және университет қоғамдастығына тиісті және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

офістің негізгі міндеттері:

1. Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес оқу процесін қамтамасыз ету және бақылау;
2. Барлық студенттердің электрондық деректер қорын жүргізу және жаңарту;
3. Студенттердің жеке файлдарының мұрағатын жүргізу, жаңарту және сақтау;
4. Оқу кестесін және пәндерге тіркелуді қамтамасыз ету;
5. Оқу бітіру рәсімін дайындау және ұйымдастыру;
6. Деректер мен статистиканы ұсыну.

МАНСАП ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

Сайт: <https://cac.nu.edu.kz>

Орталықтың негізгі функциялары:

- Университетте оқу процесі (білім беру семинарлары, тренингтер және мастер-кластар, қонақ дәрістері, экскурсиялар) шеңберінде студенттердің Кәсіптік даму бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру;
- Университет студенттеріне қызмет саласын таңдауға және кейіннен мансабын дамытуға, еңбек нарығында мінез-құлыққа байланысты сұрақтар бойынша кеңес беру;
- Университет студенттеріне одан әрі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

мәселелері бойынша шетелде оқуға кеңес беру;

- Университет студенттері мен түлектері үшін кәсіптік практика мен тағылымдама ұйымдастыру;
- Түлектерге арналған уақытша, тұрақты жұмыс пен тағылымдаманы қоса алғанда, өзекті бос лауазымдар базасын қалыптастыру;
- Шетелдіктерді қоса алғанда, әлеуетті жұмыс берушілер мен үміткерлердің дерекқорын қалыптастыру;
- Орталықтың сайтында және мансаптық платформасында (CAC CareerNet) студенттер, түлектер мен жұмыс берушілердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;
- Университет түлектері қауымдастығының және Университет департаменттерінің, Мектептерінің өзара әрекеттесуін үйлестіру;
- Университет түлектері қауымдастығының Қауымдастықты ұлттық және халықаралық деңгейде дамытуға арналған бағдарламаларды жүзеге асыруға жәрдемдесуі;
- Жұмыс берушілерге жас мамандарды қабылдау бағдарламаларына, Университет студенттері мен түлектеріне арналған мансаптық іс-шараларды ұйымдастыруға және компаниялардың оқу процесіне қатысуына байланысты мәселелер бойынша кеңес беру.

Гайни Есембекова

Аға менеджер

Тел.: +7 (7172) 70 58 86

E-mail: gaini.yessembekova@nu.edu.kz

Гаухар Алимбетова

Аға менеджер

Тел.: +7 (7172) 70 92 61

E-mail: gaukhar.alimbetova@nu.edu.kz

Анар Садыкова

Аға менеджер

Тел.: +7 (7172) 69 47 80

E-mail: anar.sadykova@nu.edu.kz

BURSAR'S OFFICE

E-mail: bursars_office@nu.edu.kz

Bursar's Office-тың басты міндеті - Университет пен студенттер арасындағы қаржылық операцияларды бақылау және бақылау, соның ішінде стипендия, жол өтемақысы, студенттік іссапарлар шығыстарын, сондай-ақ оқу және басқа да қызметтерге ақы төлеу.

Ескендер Баядилов

Басшы

Тел. +7 (7172) 70 60 32

E-mail: ybayadilov@nu.edu.kz

Айсұлу Туктубаева

Аға менеджер

Тел.+7 (7172) 70 91 99

E-mail: atuktubayeva@nu.edu.kz

АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ОФИСІ

Сайт: <http://www.nuaau.cf/>

Эл.пошта: aao@nu.edu.kz

Академиялық кеңес беру офісі (АКБО) студенттің академиялық үлгеріміне байланысты мәселелермен айналысады. Академиялық кеңесшілер студенттерге жеке оқу жоспарларын жасауға, студенттің өмірлік және кәсіби жоспарларына негізделген білім саласы мен мамандықты таңдауына, сабақ кестесі мен пәнге тіркелуге байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі.

ДАЙЫНДЫҚ МЕКТЕБІ (CPS)

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Мектептерінде бакалавриат бағдарламаларына студенттердің оқуға түсуі үшін бір жылдық университет алдындағы жедел дайындық бағдарламасын жүзеге асырады.

Каламкас Сагадиева

Менеджер

Тел: +7 (7172) 69 27 38

E-mail: kalamkas.sagadiyeva@nu.edu.kz

Эрик Венте

Аға куратор

E-mail: eric.wente@nu.edu.kz

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІ (ЖӘГҒМ)

Сайт: <http://shss.nu.edu.kz>

Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі (ЖӘГҒМ) «Назарбаев Университеті» дер- бес білім беру ұйымының негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады. ЖӘГҒМ академиялық мәселелер бойынша Провостқа бағынады және бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларының оқу, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады. ЖӘГҒМ білім алушылармен тәрбие жұмысын жүргізеді, оқытылатын пәндер саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді. ЖӘГҒМ құрамына ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен оқытушы-көмекші қызметкерлер кіреді. ЖӘГҒМ штаттық кестесін академиялық мәселелер жөніндегі Провост бекітеді.

ЖӘГҒМ академиялық және студенттік істер бойынша Офісінің қызметі:

- Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына студенттерді қабылдау, іріктеу және кіргізу;
- Академиялық эдвайзинг және студенттердің оқу пәндеріне тіркеу; Qualtrics электрондық жүйесі арқылы оқу пәндерін бағалау;
- Мектептің студенттік іс-шараларға арналған бюджеттік қаражатын игеруді қалыптастыру, түзету және мониторингілеу;
- Пайдаланушы белсенділігінің мониторингі, лидердің хабарларына уақтылы жауап беру және қадағалау, лидерге ақпараттық ресурстарды тарату, CRM (Битрикс) жүйесінде

лид-терге аналитикалық есептер ұсыну; Студенттердің тәртіптік бұзушылықтарын тіркеу;

- Әлеуетті студенттерді тарту бойынша рекрутингтік компанияға қатысу; студенттердің кредиттік сағат берумен практикадан өтуге байланысты сұрақтары; Денсаулығына байланысты және отбасы жағдайлары бойынша сабақтардан қалу мәселелерінде студенттердің деректер қорын жүргізу және жаңарту;
 - Әр түрлі студенттік нысандарды қабылдау, өңдеу және жүргізу, нысандардың дұрыс толтырылуын тексеру;
 - Dean 's list ұйымдастыру және өткізу (Semester GPA 3.75 and above);
 - Мектеп студенттеріне емтихан процесін ұйымдастыру және өткізу мәселелерінде оқытушы-профессор құрамына көмек көрсету;
 - Студенттермен оқу шарттарын рәсімдеу, қол қою, тіркеу және қолдарына беру;
 - Бейімделу аптасын әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу;
 - Жазғы орыс тілі мектебі және Еуразиялық зерттеулер бағдарламасын іске асыруға байланысты мәселелерді жүргізу және үйлестіру;
- Студенттік сапарларды рәсімдеу процесін жүргізу;
- Академиялық мобильділік және студенттердің білім алмасуы бағдарламалары.

Гонзало Хап Хортелано

Декан міндетін атқарушы

Тел: +7 (7172) 70 57 82

E-mail: gonzalo.hortelano@nu.edu.kz

Филип Эннс

Академиялық мәселелер жөніндегі

Вице-декан

Тел: +7 (7172) 70 66 80

E-mail: philip.enns@nu.edu.kz

Мая Давлетова

Академиялық және студенттік істер

жөніндегі аға менеджер

Тел: +7 (7172) 70-94-07

E-mail: maya.davletova@nu.edu.kz

Асем Койшыбаева

*Академиялық және студенттік істер
жөніндегі менеджер*

Тел.: +7 (7172) 70 65 22

E-mail: assem.koishybayeva@nu.edu.kz

Асель Жакибаева

*Академиялық және студенттік істер
жөніндегі менеджер*

Тел.: +7 (7172) 70 59 67

E-mail: assel.zhakibayeva@nu.edu.kz

Альминия Усингалиева

*Академиялық және студенттік істер
жөніндегі маман*

Тел.: +7 (7172) 70 59 61

E-mail: alminiya.ussingaliyeva@nu.edu.kz

**ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІ**

Сайт: <http://seng.nu.edu.kz/seng/>

Василиос Турассис

Декан

Тел.: +7 (7172) 70 90 89

E-mail: vassilios.tourassis@nu.edu.kz

Динара Ибраева

*Академиялық және студенттік мәселелер
жөніндегі аға менеджері*

Тел.: +7 (7172) 70 64 23

E-mail: dibrayevas@nu.edu.kz

Динара Нурбаева

*Академиялық және студенттік мәселелер
жөніндегі аға менеджері*

Тел.: +7 (7172) 70 63 26

E-mail: dinara.nurbayeva@nu.edu.kz

Айбек Жасенов

*Студенттік мәселелер жөніндегі аға
менеджері*

Тел.: +7 (7172) 70 60 56

E-mail: aibek.zhasenov@nu.edu.kz

Айнур Джумагалиева

*Академиялық және студенттік мәселелер
жөніндегі менеджері*

E-mail: ajumagaliyeva@nu.edu.kz

Гульдана Есетова

*Академиялық және студенттік мәселелер
жөніндегі менеджері*

Тел.: +7 (7172) 69 46 68

E-mail: guldana.syzdykova@nu.edu.kz

Енлик Молгождарова

*Академиялық және студенттік мәселелер
жөніндегі менеджері*

E-mail: yenlik.molgozhdarova@nu.edu.kz

Зура Шодорова

*Академиялық және студенттік мәселелер
жөніндегі менеджері*

Тел.: +7 (7172) 70 64 43

E-mail: zura.shodorova@nu.edu.kz

**ТАУ-КЕН ІСІ ЖӘНЕ ЖЕР ТУРАЛЫ
ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІ**

Сайт: <https://smg.nu.edu.kz/>

Рэнди Хазлетт

Декан

Тел.: +7 (7172) 69 45 51

E-mail: randy.hazlett@nu.edu.kz

Алтынай Кажкенова

Менеджер

Тел.: +7 (7172) 69 46 28

E-mail: altynay.kazhkenova@nu.edu.kz

МЕДИЦИНА МЕКТЕБІ**Алмагуль Аяпбекова**

Менеджер

+7 (7172) 69 45 22

Керей, Жәнібек хандар к.5/1, оф. 927
aayapbekova@nu.edu.kz

**UNIVERSITY HEALTH CENTER/
УНИВЕРСИТЕТТИҢ ДЕНСАУЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

University Health Center (UHC) негізгі міндеті - «Назарбаев Университеті» студенттеріне, қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне озық медициналық практика және медициналық көмектің халықаралық сапа мен қауіпсіздік стандарттарына сәйкес амбулаториялық-емханалық көмек көрсету. УHC «University Medical Center» КК, РДО-ның құрылымдық бөлімшесі

болып табылады.
Тел.: +7 (7172) 69 26 16
E-mail: uhc@nu.edu.kz

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Университетте қоғамдық денсаулықты, денсаулық сақтауды, медициналық көмекті және медициналық сақтандыруды қамтамасыз ету және дамыту;
Email: uhc@nu.edu.kz, health@nu.edu.kz

ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Бөлімшенің негізгі міндеттері: қоршаған ортаның қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жүргізу; Университетте қоршаған орта қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білім мен арнайы даярлықты арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру.
Email: hse@nu.edu.kz, induction@nu.edu.kz

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ (ДЭО)

ДЭО қызметкерлері бүкіл Университеттің қауымына психологиялық денсаулықты қолдау және нығайту жайында консультациялық көмек көрсетеді. Біздің психологтар студенттердің денсаулығына, көңіл-күйіне немесе оқу нәтижесіне кедергі келтіретін кез келген проблемаларды өздері зерттей алатын қауіпсіз және құпия ортаны ұсынады.

Біз ұсынатын қызметтер:

- Жеке және топтық кеңес беру;
- Жалпы психозэмоционалдық жағдайды бағалау;
- Студенттер, оқытушылар мен қызметкерлер үшін әр түрлі тақырыптарға арналған вебинарлар, тренингтер, воркшоптар және семинарлар;
- Студенттердің әл-ауқатына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда ата-аналарға кеңес беру.

Ерден Нұртаев

Аға психолог

Тел.: +7 (7172) 705735

E-mail: yerden.nurtayev@nu.edu.kz

Темірлан Ещанов

Психолог

Тел.: +7 (7172) 709288

E-mail: temirlan.yechshanov@nu.edu.kz



